


«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Қобда ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Туберкулез
ауруына қарсы санаторлық түрдегі
«Нұр» балабақшасы коммуналдық
мемлекеттік мекемесі.



«Коммунальное государственное учреждение
«Детский сад «Нұр» противотуберкулезного
санаторного типа» государственного учреждения
«Отдел образования Кобдинского района
Управления образования
Актюбинской области»

БҰЙРЫҚ

2023 жылғы «03» шілде
Қобда ауылы

№29

ПРИКАЗ

«03» июль 2023 года
с.Кобда

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 05 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықты негізге ала отырып Бұйырамын:

Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау Комиссиясы келесі құрамда бекітілсін.

1. Космагамбетова Шара Тлектесовна - балабақша директоры, «Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы. Комиссия төрайымы;
2. Смагулова Гүлбақыт Шоқанқызы - балабақша әдіскері, «Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы. Комиссия мүшесі;
3. Құдайберген Наргиз Маратқызы - балабақша тәрбиешісі, «Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы. Комиссия мүшесі;
4. Бимашева Гүлбақыт Берікбайқызы - балабақша тәрбиешісі, «Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы. Комиссия мүшесі;
5. Қияшбаева Айгүл Амантайқызы - балабақша тәрбиешісі, «Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы. Комиссия мүшесі;
6. Осы бұйрықтың орындалуын және уақытында жүргізілуін қадағалауды өзіме жүктеймін.

Балабақша директоры:



Космагамбетова Ш.Т.



Бекітілді: *[Signature]*
«Нұр» санаторлық балабақшасының
директоры Космагамбетова Ш.Т.

**«Нұр» санаторлық балабақшасының 2022-2023 оқу жылындағы
өзін-өзі бағалау жұмысының
жоспары.**

№	Іс-шаралар жоспары	Мерзімі	Жауаптылар
1	Кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізу.	03.07.2023ж	Директор Космагамбетова Ш.Т. Әдіскер Смағұлова Г.Ш.
2	Балабақшадағы өзін-өзі аттестаттауды жүргізу үшін комиссия құру	03.07.2023ж	Директор Космагамбетова Ш.Т. Әдіскер Смағұлова Г.Ш.
3	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуын қадағалау	04.07.2023ж	Директор Космагамбетова Ш.Т. Әдіскер Смағұлова Г.Ш.
4	Перспективті жоспар, циклограммаларын тексеру.	10.07.2023ж	Әдіскер Смағұлова Г.Ш. Тәрбиешілер
5	Тәрбиеленушілердің дамуына қорытынды жасау.	13.07.2023ж	Әдіскер Смағұлова Г.Ш. Тәрбиешілер
6	НОБД бойынша қызметкерлер бойынша мәліметтерді беру.	17.07.2023ж	Әдіскер Смағұлова Г.Ш.
7	Өзін-өзі бағалау қорытындысын жариялау.	03.08.2023ж	Директор Космагамбетова Ш.Т.

«Нұр» санаторлық балабақшасының кезектен тыс педагогикалық кеңесі.

Хаттама

Қатысқаны-6

Күні:03.07.2023 жыл

Тақырыбы: Балабақшада өзін-өзі ұйымдастыруды бағалау және өткізу.

Күн тәртібі

1. Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі бұйрығымен таныстыру
- 2.Бағалау өлшемшарттарына сәйкес «Нұр» санаторлық балабақшасында өзін-өзі бағалауды өткізу жөніндегі комиссия құрамын бекіту.

Тыңдалды: Сөзді басшы Космагмбетова Ш.Т. алды. «Білім туралы» ҚР 2007 жылы 27 шілдедегі № 319 заңына «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР Білім министрінің 2022жылғы 05 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен таныстырды.

Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілерін назарға ала отырып, өзі-өзі бағалауын кемінде 3 қызметкерден тұратын комиссиямен жүргізу және ұсыныстар енгізу.

- 1.Космагамбетова Шара Тлекетсовна-балабақша басшысы, комиссия төрайымы
- 2.Смағұлова Гүлбақыт Шоқанқызы-әдіскер, комиссия мүшесі;
- 3.Құдайберген Наргиза Маратқызы- тәрбиеші,комиссия мүшесі;
- 4.Бимашева Гүлбақыт Берікбайқызы- тәрбиеші, комиссия мүшесі;
- 5.Қияшбаева Айгүл Амантайқызы-тәрбиеші, комиссия мүшесі;

Педкеңесте барлығы бір ауыздан комиссия мүшелерімен келісті.

Шешім: «Нұр» санаторлық балабақшасында 03.07-03.08.2023ж аралығында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының жалпы талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында өзін- өзі бағалау өткізілсін;

2. «Нұр» балабақшасында Өзін-өзі бағалауын ұйымдастырып өткізу жөнінде комиссия құрылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Хатшы:



Космагамбетова Ш.Т.
Ербалукова М.А.

Мазмұны

1. Мектепке дейінгі өзін-өзі бағалау бұйрығы
2. Өзін-өзі бағалау жоспары
3. Кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы
4. Өзін-өзі бағалаудың мақсаттары, міндеттері, объектілері.

I Мектепке дейінгі ұйымның жалпы сипаттамасы

II Кадрлық құрамды талдау

- 2.1 Педагогтердің білім деңгейі
- 2.2 Педагогтердің біліктілік деңгейі

III Тәрбиеленушілер контингенті

- 3.1 Балабақша балаларының контингентін талдау

IV Оқу –әдістемелік жұмыс

- 4.1 Тәрбие- білім беру процесі

V-Оқу материалдық активтер

Балабақшаның өзін-өзі бағалау жұмыстарына талдау.

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының
білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Туберкулез ауруына қарсы
санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің өзін-өзі бағалау
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Қобда ауданы, Қобда ауылы

03 тамыз 2023 жыл

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

- 1) Мекеменің атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Пайдалануға берілген жылы: 2009 жылы «24» тамыз айында Қобда аудандық әкімдігінің шешімімен құрылды. Сыйымдылығы 20 орын.
- 2) Білім беру ұйымының орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қобда ауылы, Иса және Ескендір Көпжасаровтар көшесі 31 үй. 2 пәтер
- 3) Заңды тұлғаның байланыс деректері: 871 341 21-1-81, электронды поштасы nursad2009@mail.kz
- 4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Космағамбетова Шара Тлектесовна, 2018 жылы 05 маусым №58 бұйрықпен тағайындалған.
- 5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 21.11.2021 жылы берілген, БСН-0910400010243, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 16.10.2009 жыл. Жарғы Ақтөбе облысы әкімінің 23.12.2020 жылғы №469 Қаулысымен бекітілген.
- 6) Рұқсат беру құжаттары: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2015 жылғы 20 қаңтардағы №KZ54XXX00003787 хабарлама берілген

2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1) Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкес «Нұр» балабақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Балабақша аптасына 7 күндік жұмыс жасайды, күндіз-түні. Бір топ 2-5 жас аралығындағы балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 6 мезгіл тамақтандырылады. Мекемеге балалардың келуі үйлесімді жұмыс тәртібі бойынша реттелуі мүмкін. Балабақшаға тәрбиеленушілер контингенті аудандық фтизиатр дәрігердің жолдамасы арқылы толықтырылады. Мекемеге төмендегі балалар қабылданады:

-Туберкулез виражымен;

- гиперреакция;
- Тубконтактный-үйінде туберкулезбен ауыратын адамдары бар;
- Ерекше күтімді және ұзақ емді қажет ететін балалар;
- Әлеуметтік тұрмыс жағдайлары төмен, өте нашар жағдайдағы балалар қабылданады. Тәрбиеленушілер мемлекеттік тілде тәрбиеленуде.

Педагогикалық ұжым балаларға тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізеді.

Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда.

2022-2023 оқу жылында «Нұр» балабақшасының білім беру процесі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартына» /3 тамыз 2022 жылғы №348 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сүйене отырып балабақшаның оқу жоспары жасалды.

Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы № ДСМ 59 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларды, Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 қазандағы №557 бұйрығының 1-қосымшасына сүйене отырып жас ерекшеліктеріне қарай әр топтың оқу жоспары дайындалды.

3) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру:

. Әдістемелік жұмыс төмендегі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- педагог қызметкерлердің ақпараттық, оқу-әдістемелік және білімдік қажеттіліктерін қамтамасыз ету;

- педагогикалық процесте оқытудың заманауи құралдарын және ақпараттық технологияларды қолдану мәселелері бойынша кеңес, семинарлар өткізу;

- педагогтардың біліктілігін арттыру (олардың шығармашылық жұмысын, педагогикалық шеберліктерін жетілдіру мен өздігінен білім алуын қамтамасыз ету);

-педагогтардың шығармашылық еңбекке деген құштарлығына арттыруда жағдай туғызу, педагогтардың сұранысын есепке ала отырып, әдістемелік шаралар өткізу;

- оқу әдістемелік құралдар, жоспарлар, материалдар, топтардағы оқу-тәрбие ісін молайтуға арналған тапсырмалар мен ойын жағдаяттарын жинақтау.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау болып табылады. Осы міндеттерді орындау мақсатында «Нұр» балабақшасының педагогикалық ұжымы білім мен тәрбие үрдісінде ұйымдастырудың озық тәжірибелерін пайдалана отырып, баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды.

Білім беру мекемесінің өзін-өзі бағалау барысында төмендегідей жұмыстар атқарылды: топтардың жалпы жағдайларын бақылау, күн тәртібінің сақталуы, тәрбиешілермен мамандардың балалармен тәрбие –білім жұмыстарын жүргізу барысында заттық-дамытушы орталықтарын толықтырып, дидактикалық ойындар, картотекалар, мнемотехника жиынтығы, фетрлер әлемі, жаңа ақпараттық құралдар 3Д қаламы, «Додекаэдр» әдісі арқылы кюар кодпен ертегілер тыңдауға, сонымен қатар сауықтыру – шынықтыру жұмыстары кеңінен қолдануда.

Балабақшамызда педагогтардың кәсіби шеберліктерін шындауға бағытталған іс-шаралар жоспарға сай өткізіліп тұрады/педагогикалық кеңестер, семинарлар, тренингтер, ашық оқу қызметтері. Білім беру ұйымында мамандардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне тәжірибелік қызметке даярлау барысында әдістемелік көмек көрсетіліп тұрады. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын басшылыққа алып, әдістемелік іс-шараларды өткізудің жаңаша жолдарын іздестіруді жалғастырып отырады.

Балабақша өзіндік бағалаудан өткізу барысында нормативті –құқықтық құжаттар, әдістемелік жұмыстардың түрлері, олардың нәтижелілігі сарапталды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі өзгеріп тұрған әлемге бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуына жағдай жасалынған.

- Бала- дамытушы ортада әр түрлі заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті таныта отырып, немен айналысқысы келетінінің балаға өз бетінше таңдауына еркіндік беріп, өз ойын ашық айтуына, өз ойын іске асыруына мүмкіндік беруде балабақшамыз барынша жұмыстанып, орталықтарды толықтырдық.

Балабақшада мерекелер мен сауық кештерін өткізу барысында әдістемелік ұсынымдарды қолға ала отырып өткізілді. Тәрбиеші Бимашева Г.Б. «Берекелі, мерекелі Алтын күз» мерекелік кешін, тәрбиеші Ербалюкова

М.А «Республика күнімен!» сауық кешін, тәрбиеші Кияшбаева А.А. Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздігім теңдігім-егеменді елдігім» тақырыптық оқу қызметін, тәрбиеші Ербалюкова М.А. «Қош келдің, Жаңа жыл» мерекелік ертеңгілікті, тәрбиеші Құдайберген Н.М. «Аялаған Анашым» Халықаралық әйелдер күніне орай өткізген ертеңгілігін, тәрбиеші Кияшбаева А.А. Ұлыстың ұлы күніне «Наурыз – ұлыстың ұлы күні» атты ертеңгілігін, тәрбиеші Бимашева Г.Б «Айға сапар» атты ойын- сауық кешін, тәрбиеші Құдайберген Н.М. «Әлия –батыр қыз» тақырыптық сағатын және де Балаларды қорғау күніне «Сәби күлкісі – әлемнің сыңғыры» атты мерекелік ойын сауық кешін тәрбиеші Бимашева Г.Б ұйымдастырды. Мерекелердің мазмұны балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың қызығушылықтарын, үйренген ән би, такпақтарын ескере отырып құрылды. Мереке бағдарламасында әртүрлі іс-шаралар үйлесімді жалғасын тапты. Ертеңгіліктер балалардың жалпы көңіл күйін көтеруге қатыса алатындай етіп құрылды. Мерекені өткізудегі маңызды сәт-топты безендіру. Әр мерекеде топ эстетикаға сай безендіріліп отырылды. Педагог мерекені ұйымдастыруда алдын-ала жоспарлап, сценариймен таныстырылып, рөлдер мен міндеттерді өзара бөлісіп, атрибуттар, костюмдер, безендірулер ойластырылып отырылды. Қауіпсіздік сақтау ерекше бақылауда болды. Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- Физикалық дамыту;
- Коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметті- эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

«Физикалық дамыту» физикалық. дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет дене шынықтыру нұсқаушысымен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, денешынықтыру-сауықтыру шаралары (танертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б.әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады. Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындарға соның ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдық беруді әр уақытта

ұйымдастырып отырамыз.Мыс: «теңге алу», «хантаалапай», «такия тастамак»
т.с.с

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауыз екі сөйлеуді, сөздікқорды қалыптастыруды, балаларға сұрақтар қою арқылы сөздік қорларын молайту, театр ойындарын ұйымдастыру, балаларды персонаждарға бөлу, үлкендердің көмегінсіз «Үш аю», «алма» ертегілерін балалар әдемілеп сомдады.

Балаларға мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында әртүрлі тақпақ, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар айтқызып үйретеді.

Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған,тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру,балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, ол үшін топта балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын яғни «Буккросинг» ұйымдастырдық. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, қараған кітаптарын ата- аналармен алмастырып үйлеріне беріп жіберуіне мүмкіндік жасадық.Осындай жұмыстар балабақша мен ата- аналар арасындағы қарым- қатынастарды жақсарттады.

Балабақшаның негізгі жұмыс бағытының бірі-балалардың денсаулығын сақтау және нығайту. Денсаулықтарын нығайту, сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған.Жүйелі түрде: балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде-таңертеңгі жаттығу, серуенде қимылды ойындар,оқу қызметінде-сергіту сәттері өтіледі.Топтағы сауықтыру шараларына да көңіл бөлінеді:күндізгі ұйқыдан кейін тітіркендіргіш кілемшелермен жүру релаксациялар, тыныс алу жаттығулары,төсекте жатып орындайтын жаттығулар комплексі ұйымдастырылған.Қимылды ойын кешен(картотека), дидактикалық ойындар кешендері, ұйқыдан ояну кешендері, төрт жыл мезгіліне арналған серуен кешендер топтамасы күнделікті ұтымды пайдаланылады.

Балалармен жеке жұмыс жасалып,оларға еркін қарым-қатынас жасауға мүмкіндіктер туғызып,күннің барлық сәттерінде тілдегі барлық дыбыстарды дұрыс айтқызу мақсатында жаңылтпаштар,жеңіл жатталатын жаттығулар айтқызып,жақсы көрсеткіш көрсетті. Әсіресе саусақ жаттығуларын үйлеріне айтып барып, тәрбиешілер ата-аналардың ризашылығына бөленді.

Педагогтар төмендегідей мақсатты алға қоя отырып, жұмыс жасайды :

- Әрбір баланың тұрақты белсенділігін, оның бейімделу мүмкіндігін дамыту үшін оңтайлы денсаулықты жасау ортасы мен денсаулықты сақтауды нығайту .

- Өзіне және қоршаған адамдарға пайдасын тигізу үшін, мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке тарту мақсатында еңбек қызметінің түрлері мен мазмұнын жандандыратын үйлесімді бағытты енгізу.
- Ата – аналардың балаларға инновациялық көзқарасын қалыптастыру, мектеп жасына дейінгі балалардың іс – әрекеті мазмұнымен түрлерін меңгеруде үйлесімді бағыт іздеу.

Педагогтар аудан, облыс көлемінде ұйымдастырылып өткізілетін семинарлар, тренингтер, педагогикалық кеңестерге қатысып, өз құзыреттіліктерін көтереді, өзіндік білім көтеру үрдісінде бейімделген бағдарламалар мен қосымша білім беру бағдарламаларын қолданады.

Осы оқу жылында біздің балабақша аудандық «Бағдарламаның тиімді идеялары» атты семинар өткіздік. Жас мамандаға өте тиімді жаңа технологиялармен бөлістік.

Мектепке дейінгі білім беру мен оқытудың мемлекеттік стандартына сәйкес балаларды балабақшада тәрбиелеу мен оқытудың психологиялық – педагогикалық негізіне қойылатын талаптар жүйесі кіреді десек, балабақшада осы талаптар жүйелі түрде орындалған. Топта заттық дамытушы орта ұйымдастырылған. Бала өмірін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін материалдық – техникалық, санитарлық – гигиеналық психологиялық – педагогикалық, эстетикалық жағдайларды кешенді ұйымдастыру ескерілген. Пәндік – дамытушы ортада баланың құрдастарымен, заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс – әрекетпен тәжірибе бөлісуге жағдай жасалынған. Балалар ойын жиһаздарымен қамтамасыз етілген: дүкен, шаштараз, дәріхана, табиғат бұрышы, қазақы бұрыш, «Фетр әлемі», саусақ моторикасына арналған боялған дәндер, шығармашылық бұрышы, театр түрлері, кітапхана, жолда жүруге арналған бұрыш, спорттық құралдар керекті құралдарымен жабдықталған. Әрбір баланың тұрақты белсенділігін, оның бейімделу мүмкіндігін дамыту үшін оңтайлы денсаулықты жасау ортасы мен денсаулықты сақтауды нығайту.

- Өзіне және қоршаған адамдарға пайдасын тигізу үшін, мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке тарту мақсатында еңбек қызметінің түрлері мен мазмұнын жандандыратын үйлесімді бағытты енгізу.
- Ата – аналардың балаларға инновациялық көзқарасын қалыптастыру, мектеп жасына дейінгі балалардың іс – әрекеті мазмұнымен түрлерін меңгеруде үйлесімді бағыт іздеу.

Ойын құралдарына келетін болсақ, топта денсаулық аймағы бойынша таңертенгілік жаттығуларға арналған құралдар (сылдырмақтар, жалаушалар, доптар т.б) бар. Қимылды ойындар атрибуттары және ойындар мазмұндары жазылған жинақтар жасалынған.

Балабақшада баланың логикалық дамуына мүмкіндік жасалып, ойын бұрыштарында даму ойындары қойылған.

Балабақшаның алға қойған мақсаттарының бірі бала денсаулығын нығайту, сауықтыру болса, сол мақсатты жүзеге асыру үшін мына міндеттерді орындауды алға қойған:

- Балалардың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту үшін жағдай жасау. Балабақшада оңтайлы қимыл тәртібін ұйымдастыру арқылы дене шынықтыру – сауықтыру жұмысының тиімділігін көтеру.
- Балалардың сөйлеу тілін дамыту, іс – әрекеттің барлық түрінде байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру арқылы жалғастыру.
- Шығармашылық іс – әрекетінің қоршаған әлемді эстетикалық түрде қабылдауын дамыту.

Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жұмыстары жүйелі жүргізіледі, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің дамуына қажетті жағдайлардың барлығы жасалған.

Кадрлық құрамға талдау

«Нұр» санаторлық балабақшасында 2023 жылғы 03 шілдедегі мәлімет бойынша педагогикалық қызметті 6 педагог жүзеге асырады: басшы, әдіскер, және 4 тәрбиеші.

1. Педагогтардың білім деңгейі

Білімі	Оқу жылы
	2022-2023
«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту» мамандығы бойынша жоғарғы білімді.	5 – 83,3%
«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту» мамандығы бойынша арнаулы орта білімді.	1-16,6%
Педагогикалық қайта даярлау	6-100%
Барлық педагогтар:	6
«Психология» мамандығы бойынша жоғарғы білімді	1-16,6%

1. Педагогтардың біліктілік деңгейі

Біліктілі санаты	Оқу жылы
	2022-2023
Педагог-зерттеуші, Жоғары	-
Педагог-сарапшы, бірінші категория	2
Педагог- модератор, екінші категория	3
Санаты жоқ	1
МДҰ барлық педагогтар:	6
Тиісті бейін бойынша педагогикалық санаты бар тәрбиешілердің үлесі	83,3%

Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

б)Балалардың даму мониторингі балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізілді. Мониторинг нәтижелерін алу әдістеріне балалардың ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойындар кезінде бақылау, әңгімелесу, баллардың салған суреттерін, қолдан жасалған бұйымдарын талдау және т.б ескере отырып жасалынды. Мониторинг жылына 3 рет жүргізілді. Бастапқы қыркүйек айында, аралық қаңтар айында және қорытынды мамыр айында.

Бастапқы қыркүйек айында балабақшада барлығы 9 бала тәрбиеленді. Ортаңғы топта 5 бала, ересек топта 4 бала.

Ортаңғы «Қонжық» тобында Денсаулық сақтау ІІ деңгейде – 5 бала, коммуникативтік тілдік І деңгей- 3 бала, ІІ деңгей – 2 бала, Танымдық І деңгей – 2 бала, ІІ деңгей – 3 бала, шығармашылық І деңгей – 2 бала, ІІ деңгей – 3 бала, әлеуметтік І деңгей – 2 бала, ІІ деңгей – 3 бала.

Ересек «Сәулем-ай»тобында бала саны 4 бала. Денсаулық сақтау ІІ деңгей – 4 бала, Коммуникативті тілдік ІІ деңгей – 4 бала, Танымдық ІІ деңгей – 4 бала, Шығармашылық ІІ деңгей – 4 бала, Әлеуметтік ІІ деңгей – 4 бала.

Аралық қаңтар айында балабақшадағы бала саны 12 бала. «Балапан» кіші топ бала саны 4 бала, «Қонжық» ортаңғы тобында 5 бала, «Сәулем-ай» ересек тобы 3 бала.

«Балапан» кіші тобында Денсаулық сақтау І деңгей – 2 бала, ІІ деңгей – 2 бала, Коммуникативтік тілдік І деңгей -3, ІІ деңгей - 1 , Танымдық І деңгей - 3, ІІ деңгей - 1, Шығармашылық І деңгей -3, ІІ деңгей – 1.

«Конжық» ортаңғы тобында 5 бала Денсаулық сақтау І деңгей – 3 бала, ІІ деңгей – 2 бала, Коммуникативтік тілдік І деңгей -3, ІІ деңгей - 2 , Танымдық І деңгей -3, ІІ деңгей - 2, Шығармашылық І деңгей -3, ІІ деңгей – 2, Әлеуметтік І деңгей – 2 бала, ІІ деңгей – 3 бала.

«Сәулем-ай» ересек тобы 3 бала. Денсаулық сақтау І деңгей – 3 бала, Коммуникативтік тілдік І деңгей -2, ІІ деңгей - 1 , Танымдық І деңгей -2, ІІ деңгей - 1, Шығармашылық І деңгей -3, Әлеуметтік І деңгей – 2 бала, ІІ деңгей – 1 бала.

Педагогтар бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін мониторинг арқылы жүзеге асырады. Мониторинг нәтижелері бақылау парағында толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылады. Педагогтар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын саралап толтырады.

Тәрбиеленушілерді дамыту үшін кері байланыс, рефлексия орнату үшін, ашық-жабық сұрақтар, ойын түрлерінің әдіс-тәсілдері тиімді болады және оны жүзеге асыру мақсатында бір аптаға жоспарланған циклограмманы басшылыққа аламыз. Тәжірибенің ұтымды жақтары ең басты баланы танып дамытуға, алдына нақты мақсат қойып, ойын түрлерін қолданғанда ғана жүзеге асырылатынына көзіміз жетті.

Қорытынды мониторинг нәтижесінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мониторингтің бақылау парақтарына сілтеме бойынша жасалды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңатырған мазмұны: апталық циклограмма, балалардың біліктерімен дағдыларының даму деңгейін бақылау үшін мониторинг жүйесін енгізу арқылы іске асырылады. Білім беру ұйымында білім беру қызметін тиімді ұйымдастыру үшін АКТ-ны кеңінен қолданудамыз. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытудамыз.

Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Циклограмманың құрылымы **күн тәртібіне** сәйкес құрылады әрбір аптаға әлеуметтік дағдыларымен өз бетінше үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған. Циклограммада Санитариялық қағидалар талаптарына сәйкес балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір күн тәртібі сәтінің міндеттері, мазмұны анықталады. Балалардың өз бетінше шешім қабылдау үшін жағдайлар жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, белгілерді санауға және оларға бағдарлануға мүмкіндік беріледі. Серуенді, таңертеңгі гимнастика, ойындарды (дамытушы, сюжеттік-рөлдік, кимылды және т.б.) ұйымдастыру үшін картотекаларды қолдану арқылы жоспарлайды. Балабақша әдіскері тәрбиешілердің циклограмманы уақытылы құрастыруын бақылауды тиісті ұсыныстар мен ескертулер тексере отырып жүзеге асырылады. Аптаның әрбір

күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтауымен қатар, ұйымдастырылған оқу-қызметтері үстел үстінде емес балалардың қалауы бойынша, дамытуша ортаны жүзеге асырып, жүргізіліп отырды.

Балабақшаның негізгі жұмыс бағытының бірі-балалардың денсаулығын сақтау және нығайту бойынша сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Жүйелі түрде: балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде-таңертеңгі жаттығу, дәрумендер, фито-чайлар, ароматерапиялар, серуенде қимылды ойындар, таза ауадағы серуен оқу қызметінде-сергіту сәттері өтіледі. Топтағы сауықтыру шараларына да көңіл бөлінеді: күндізгі ұйқыдан кейін тітіркендіргіш кілемшелермен жүру релаксациялар /Хатка йога, тыныс алу жаттығулары, төсекте жатып орындайтын жаттығулар комплексі ұйымдастырылған.

Тәрбиешілер балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, меңгерулеріне жеңіл әрі тиімді болатын ойындар ұйымдастырып, шынықтырудың түрлі әдістерін пайдаланды. Мысалы: нүктелі массаж, ояну гимнастикасы, релаксация жаттығуларын жасатып балалардың жеке гигиенасын қалыптастыруды назардан тыс қалдырған жоқ. Балалармен жеке жұмыс жасалып, оларға еркін қарым – қатынас жасауға мүмкіндіктер туғызып, күннің барлық сәттерінде тілдегі барлық дыбыстарды дұрыс айтқызу мақсатында жаңылтпаштар, жеңіл жатталатын жаттығулар айтқызып, жақсы көрсеткіш көрсетті.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін, қиялдауын, қоршаған ортаны бақылауын, бейнені қабылдауын қалыптастыруда біраз жұмыстар атқарылды. Сурет салуда заттарды үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып сала алады, сурет салу техникасын меңгерген, мазмұнды композицияның бейнесін салуда қиыншылықтар тудырады, қазақ ою элементтерін тәрбиешінің көмегімен ғана салады. Мүсіндеуде жануарлардың мүсінін жасаудың тәсілдерін қолдана алады, мазмұндық композиция жасауда тәрбиешінің көмегіне жүгінеді. Ұжымдық жұмысқа барлығы қызығушылықпен қатысады.

Талдау

«Нұр» санаторлық балабақшасында мемлекеттік өзін-өзі бағалау кезінде оқу-әдістемелік жұмыстың нәтижесін анықтау мақсатында оқу-әдістемелік құжаттарына талдау жасалынды.

Білім беру мекемесінің өзін-өзі бағалау барысында төмендегідей жұмыстар атқарылды: топтардың жалпы жағдайларын бақылау, күн тәртібінің сақталуы, тәрбиешілермен мамандардың балалармен тәрбие-білім жұмыстарын жүргізу барысында заттық-дамытушы орталықтар, дидактикалық ойындар, картотекалар, т.б заттар кеңінен қолданылуда.

Балабақшамызда педагогтардың кәсіби шеберліктерін шыңдауға бағытталған іс-шаралар жоспарға сай өткізіліп тұрады: педагогикалық кеңестер, семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, балабақшаның өзге мекемелерімен сабақтастығы аясында кездесулер, экскурсиялар, шебер-сыныптар.

Балабақшада мамандардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне тәжірибелік қызметке даярлау барысында әдістемелік көмек көрсетіліп тұрады.

Тәрбиешілер көркем-эстетикалық, шығармашылық жұмыстарда, ақпараттық жаңа технологияларды қолдануда. Балабақшаны өзіндік бағалаудан өткізу барысында нормативтік-құқықтық құжаттар, әдістемелік жұмыстардың түрлері, олардың нәтижелілігі сарапталды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі өзгеріп тұрған әлемге бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуына жағдай жасау барысында психологиялық қызмет үшін қолайлы жағдайлар жасалған.

5 жылға арналған даму перспективалары:

- білім беру үдерісін жаңғырту;
- педагогтарды тәрбиелеу мен оқыту үдерісіне заманауи әлеуметтік, ойындық, ақпараттық, денсаулық сақтаушы технологияларды әдістемелер бойынша еңгізу;
- балаларға арналған дамытушы аймақтарды, заттық- дамытуша ортаны толықтыру;
- жаңа спорттық жабдықтармен толықтыру, компьютерлік базаны жаңарту;
- ғылыми-оқу әдістемелік, көркем әдебиет қорын тұрақты жаңартып тұру.

Қорытынды:




1) Балабақшада 5 білім беру дағдысы бойынша заттық- дамытушы орта құрылып, күн сайын ұйымдастырылған іс-әрекеттері жүргізіледі. «Нұр» балабақшасы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандартына және балаларды тәрбиелеу мен оқытудың психологиялық – педагогикалық негізіне қойылған талаптарға сай.

Білім беру мен тәрбиенің мақсаты өз деңгейінде жүргізіледі. Педагогтар жаңа инновациялық технологиялар арқылы балаларға білім береді. Әкімшілік тарапынан функциялар дұрыс бөлінген, мекемедегі микроклимат өте жақсы

Ұсыныстар: Балабақшада тәрбиешілер алдағы уақытта конкурстарға көбірек қатыстырылсын;

Көркемдік шығармашылық конкурстар мен байқауға қатысуды ұйымдастыру, тәрбиеленушілер арасында сараптама жүргізілсін;

Комиссия төрағасы  Ш.Т.Космагамбетова

Комиссия мүшелері:  Г.Ш.Смагулова
 Н.М.Құдайберген
 Г.Б.Бимашева
 А.А.Қияшбаева

